

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық
мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты

**«Үрмелі және ұрмалы аспаптар»
және «Эстрадалық музыка өнері» бөлімі**

Бекітемін

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі

Күләш Байсейітова атындағы

дарынды балаларға арналған

РММОМИ директоры

Б.Т. Абдрашев

«01» қыркүйек 2025 ж.



**К.Байсейітова, А.Жұбанов атындағы
және «Жәния Аубакирова авторлық мектебі»
мамандандырылған музыкалық мектептерінің оқушылары арасындағы
Амина Хамитовна Алмасбекова атындағы
IV қалалық блокфлейта орындаушылары
байқауының ережесі**

25 қаңтар 2026 ж.

Алматы қаласы

Байқаудың ұйымдастырушысы – «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» РММ-нің «Үрмелі және ұрмалы аспаптар» және «Эстрадалық музыка өнері» бөлімі.

Байқаудың мақсаты:

Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі, блокфлейтаны негізгі үрмелі аспапқа дайындық кезеңі ретінде енгізген флейта сыныбының педагогы, ардагер ұстаз Амина Хамитовна Алмасбекованың есімін ұлықтау.

Байқаудың міндеттері:

- блокфлейтада ойнайтын дарынды оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- мамандандырылған музыкалық мектептерде блокфлейтадан білім беру сапасын арттыруға ықпал ету;

- мамандандырылған музыкалық білім беру ұйымдары арасындағы шығармашылық байланысты нығайту, педагогтар арасында тәжірибе алмасуға жағдай жасау.

Жас санаттары:

Байқауға 1-, 2- және 3-сынып оқушылары (блокфлейта орындаушылары) қатысады.

Байқау шарттары:

Байқау офлайн форматында өткізіледі. Әр қатысушыға залда акустикалық репетиция үшін 10 минуттан аспайтын уақыт беріледі.

I, II, III орын иегерлері – байқау лауреаттары болып табылады; келесі үш қатысушы (балл саны бойынша) – байқаудың дипломанттары атанады. Қазылар алқасы орындарды толық бермеуге, бірдей балл жинаған қатысушылар арасында орынды бөлісуге, байқау лауреаттарын дайындаған педагогтар мен концертмейстерлерді марапаттауға құқылы. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қаралмайды.

Байқау бағдарламасы:

– Әр түрлі сипаттағы екі пьеса (ұзақтығы 10 минутқа дейін).

Қаржылық шарттар:

– Байқауға қатысу тегін.

Байқаудың өткізу мерзімі:

2026 жылғы **25 қаңтар**,

К.Байсеитова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты базасында (Алматы қаласы, І. Байзақов көшесі, 304).

Өтінімдер Word форматында **2026 жылғы 10 қаңтарға** дейін келесі электронды поштаға қабылданады: **saltanat.mustafina.1994@mail.ru**

Өтінімде көрсетілуі тиіс:

- қатысушының Т.А.Ә., жасы, сыныбы;
- педагог пен концертмейстердің Т.А.Ә.;
- оқу мекемесі;
- бағдарлама (хронометражымен).

**Амина Хамитовна Алмасбекова атындағы
IV қалалық блокфлейта орындаушылары байқауына
қатысуға арналған өтінім
2026 жылғы 25 қаңтар**

№ р/р	Қатысушы аты жөні (толығымен)	Туылу датасы	Сын ыбы	Педагог ы	Концертмейстер і	Мекеме сі	Бағдарламасы (хронометраж ымен)

Байланыс деректері.

Байқаудың ұйымдастырушысы және үйлестірушісі –

Завацкая Гульхан Адилхановна,

К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған

республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернатының

«Үрмелі және ұрмалы аспаптар» және «Эстрадалық музыка өнері» бөлімінің
меңгерушісі.

Тел.: +7 707 751 51 23

Жауапты хатшы:

Мустафина Салтанат Бибетовна

Тел.: +7 777 529 01 59